

**«Жаркент жоғары гуманитарлық-техникалық колледжі»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны**

БҰЙРЫҚ

4 мамыр 2020 жыл

№ 49 н/к

Жаркент қаласы

**Қорытынды аттестаттауды
ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығы (25.09.2018 ж. №494 өзгертулермен), «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы негізінде
БҰЙЫРАМЫН:

1. 2019-2020 оқу жылында бітіруші топтарда жүргізілетін мемлекеттік емтихан кестесі жасалынып бекітілсін(Жауапты:С.Агимов);
2. Мемлекеттік емтихан кестесі мен консультация сабақтары EduPage платформасына енгізілсін(Жауапты:С.Агимов, Е.Сағат);
3. Қорытынды емтихан кәсіптік модульдерді қамтитын кешенді тестілеу нысанында өткізілсін.
4. Кешенді тестілеу құрылымы 75 сұрақтан тұратын 4 нұсқа болып бекітілсін.
5. Қорытынды аттестаттауға арналған тестілеу тапсырмаларын әзірлеуге емтихан алушы(пәнді жүргізетін педагог) жауапты .
6. Мемлекеттік емтиханның тест тапсырмаларын талапқа сай жасау бойынша пән оқытушыларына әдістемелік көмек ұйымдастырылсын (Жауапты: К.Курабалдиева, Ж.Бағдаулет);
7. Бітіруші топтар арасында елімізде орын алған жағдайға байланысты қашықтықтан оқыту жағдайында мемлекеттік емтиханды жүргізу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін (Жауапты:С.Агимов, топ кураторлары);
8. Емтихан өткізу басталғанға дейін 3-5 жұмыс күні бұрын вебинар өткізіліп, оның барысында емтихан өткізудің барлық рәсімдері жан-жақты түсіндірілсін(Жауапты:С.Агимов, Е.Сағат);
9. Бітіруші топ студенттері мемлекеттік емтиханға қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілсін(Жауапты:С.Агимов, топ кураторлары);
- 10.Мемлекеттік емтихан қорытындысы білім беру ұйымының Интернет-ресурсында орналастырылсын (Жауапты:Ж.Рахметжанова, С.Агимов, Е.Сағат);
- 11.Бітіруші топтардың іс-құжаттарының талапқа сай жүргізілуін бақылау бойынша комиссия құрамы бекітілсін(Жауапты: Ж.Рахметжанова).

Бұйрықтың орындалуын қадағалауды өз құзырыма қалдырамын.

Негіздеме : Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің
2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығы.

Директор



Б.Саурамбаева